

Техникалық реттеу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы N 603 Заңы

МАЗМҰНЫ

РҚАО-ның ескертуі: Осы Заңның күшіне ену тәртібін 47-баптың 1-тармағынан қараңыз.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерде", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық акт", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілермен, "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіде", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіні", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіге", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерін", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актінің" деген сөздер тиісінше "техникалық регламенттерде", "техникалық регламенттер" "техникалық регламенттердің", "техникалық регламенттерді", "техникалық регламент", "техникалық регламенттермен", "техникалық регламенттерге", "техникалық регламентте", "техникалық регламентті", "техникалық регламентке", "техникалық регламенттерін", "техникалық регламенттің" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз);

бүкіл мәтін бойынша "мен қадағалау", "мен қадағалауды" деген сөздер алып тасталды - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасында өнімнің, көрсетілетін қызметтердің және процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құқықтық негіздерін белгілейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеу - аккредиттеу жөніндегі орган өтініш берушінің белгілі бір салада техникалық реттеу объектілерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жөніндегі жұмыстарды орындауға құзыреттілігін ресми танитын рәсім;

2) (алып тасталды - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;

3) (алып тасталды - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;

4) аккредиттеу саласы - аккредиттеу қолданылатын, ресми танылған сәйкестікті бағалау объектілері;

4-1) алдын ала ұлттық стандарт - қолдану процесінде қажетті тәжірибені жинақтауға

арналған және тұтынушылардың қалың көпшілігіне қолжетімді, уақытша қолданылатын стандарт;

5) аудит (сәйкестікті растау саласындағы) - сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдардың және (немесе) сынақ зертханаларының (орталықтарының) қызметін жүйелі, тәуелсіз құжатталған талдау, сондай-ақ өтінім берушінің бастамасы бойынша жүргізілетін сертификатталған өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестердің, сапа менеджменті жүйелерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылау;

5-1) әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге әскери стандарт – белгіленген және арнайы пайдалану мақсатында әскери мақсаттағы объектілерге қағидаларды, жалпы қағидаттар мен сипаттамаларды белгілейтін, мемлекеттік құпияларды құрайтын және таратылуы шектеулі мәліметтерден тұратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен бекітілген нормативтік-техникалық құжат.

6) беруші - өнім беретін, қызмет көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

7) дайындаушы (орындаушы) - өнімді кейіннен иеліктен шығару немесе өндірістік мақсаттарда өзі тұтыну үшін өндіретін, сондай-ақ өтеулі және (немесе) өтеусіз шарт бойынша жұмыстарды орындайтын немесе қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлғалар;

8) инспекциялық бақылау - сертификатталған өнімнің, процестің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жөніндегі аккредиттелген органның уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асыратын тексеруі;

9) (алып тасталды - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;

9-1) консорциум стандарты - консорциум әзірлеген және бекіткен, оның мүшелері қолданатын стандарт;

10) көрсетілетін қызмет - беруші мен тұтынушының тікелей өзара іс-қимылының және берушінің тұтынушы қажеттіктерін қанағаттандыру жөніндегі ішкі қызметінің қорытындылары;

11) қауіп-қатер - зардаптарының ауырлық деңгейі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, оның ішінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне зиян келтіру ықтималдығы;

12) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі - өз құзыреті шегінде техникалық реттеу саласындағы жұмыстарды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың және нормативтік техникалық құжаттардың жиынтығы;

14) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің тізілімі - ұйымдар стандарттарын және консорциум стандарттарын қоспағанда, техникалық регламенттерді және нормативтік техникалық құжаттарды, стандарттарды, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді, сәйкестікті растау, аккредиттеу, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды және сәйкестікті растау саласында берілген құжаттарды есепке алу құжаты;

15) мүдделі тараптар - қызметі техникалық регламенттерді әзірлеумен тікелей байланысты жеке тұлғалар, заңды тұлғалар және олардың қауымдастықтары, одақтары, сондай-ақ қатысуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген өзге де тұлғалар;

16) міндетті сертификаттау - сәйкестікті растау жөніндегі органдардың қатысуымен өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау рәсімі;

17) негізге алынатын стандарт - қолданылу саласы кең немесе техникалық реттеудің белгілі бір саласына арналған жалпы ережелері бар стандарт;

17-1) нормативтік техникалық құжат - техникалық және технологиялық нормаларды қамтитын нормативтік құжат;

17-2) Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры - мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қалыптастырылатын стандарттардың, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің және нормативтік техникалық құжаттардың жиынтығы;

18) өнім - процестің немесе қызметтің нәтижесі;

18-1) өнімді каталогтау жүйесі - өнімнің сипаттамасы мен дайындаушылары туралы ұйымдастырушылық-техникалық ақпараттық жүйе;

19) өнімді, көрсетілетін қызметті бірдейлендіру - белгілі бір өнімді, көрсетілетін қызметті ерекшелейтін белгілері бойынша біржақты тануды қамтамасыз ететін рәсім;

20) өнімнің және процестердің қауіпсіздігі (бұдан әрі - қауіпсіздік) - қауіпті фактордың іске асу ықтималдығы мен оның зардаптарының ауырлық деңгейінің ұштасуын ескере отырып, адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиян келтіруіне байланысты жол берілмейтін қауіп-қатердің болмауы;

21) өнімнің өмірлік циклі - өнімді жобалау, өндіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу, жою және кәдеге жарату процестері;

22) өңірлік стандарт - стандарттау жөніндегі өңірлік ұйым қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт;

23) өтінім беруші - сәйкестігін растау үшін өнімді, көрсетілетін қызметті, процестерді ұсынған жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ аккредиттеуге және аудитке (сәйкестікті растау саласында) өтінім берген заңды тұлғалар;

24) процесс - өнімнің өмірлік циклінің процестерін қоса алғанда, қандай да бір тапсырылған нәтижеге жету жөніндегі өзара байланысты және дәйекті іс-қимылдар (жұмыстар) жиынтығы;

25) сәйкестік белгісі - өнімнің, көрсетілетін қызметтің техникалық регламенттерде, стандарттар мен өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау рәсімінен өткені туралы сатып алушыларды хабардар етуге арналған белгі;

26) сәйкестік сертификаты - өнімнің, көрсетілетін қызметтің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға, стандарттардың немесе өзге де құжаттардың ережелеріне сәйкестігін куәландыратын құжат;

27) (алып тасталды - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

28) сәйкестік туралы декларация - дайындаушы (орындаушы) айналысқа шығарылатын өнімнің, көрсетілетін қызметтің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

29) сәйкестікті ерікті растау - дайындаушының (орындаушының) немесе сатушының бастамасы бойынша жүргізіліп, өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестердің стандартқа, өзге де құжатқа немесе өтінім берушінің арнайы талаптарына сәйкестігін растау жүзеге асырылатын рәсім;

30) сәйкестікті міндетті растау - өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жүзеге асырылатын рәсім;

31) сәйкестікті растау - нәтижесі объектінің техникалық регламенттерде, стандарттарда немесе шарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін құжаттамалық куәландыру (сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты түрінде) болып табылатын рәсім;

31-1) сәйкестікті растау, аккредиттеу, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар - уәкілетті орган айқындаған тәртіппен аттестатталған жеке тұлғалар;

32) сәйкестікті растау жөніндегі орган - сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды тұлға;

33) сәйкестікті растау нысаны - нәтижелері өнімнің, көрсетілетін қызметтің техникалық регламенттерде, стандарттарда немесе шарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігінің дәлелі ретінде қаралатын іс-қимылдардың жиынтығы;

34) сәйкестікті растау саласындағы құжат - сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген орган берген сәйкестік сертификаты немесе өнімді дайындаушы, беруші қабылдаған сәйкестік туралы декларация;

35) сәйкестікті растау схемасы - объектінің техникалық регламенттерде, стандарттарда немесе шарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін осы жұмысты жүргізудің нақты кезеңдерін (сынау, өндірісті бағалау, сапа менеджменті жүйесін бағалау, нормативтік және техникалық құжаттаманы талдау және басқалар) сипаттай отырып айқындау тәсілдері;

36) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

37) сертификаттау - сәйкестікті растау жөніндегі орган өнімнің, көрсетілетін қызметтің белгіленген талаптарға сәйкестігін жазбаша куәландыратын рәсім;

38) стандарт - көп мәрте және ерікті түрде пайдалану мақсатында техникалық реттеу объектілеріне қағидаларды, жалпы қағидаттар мен сипаттамаларды белгілейтін құжат;

39) стандарттау - нақты қойылып отырған және ықтимал міндеттерге қатысты көпшілікке ортақ, көп мәрте және ерікті пайдалану үшін ережелер белгілеу арқылы өнімге, көрсетілетін қызметке және процестерге қойылатын талаптарды ретке келтірудің оңтайлы деңгейіне қол жеткізуге бағытталған қызмет;

40) стандарттау жөніндегі нормативтік құжат - стандарттау жөніндегі қызметтің әр түріне немесе оның нәтижелеріне қатысты нормаларды, ережелерді, сипаттамаларды, принциптерді белгілейтін құжат;

41) стандарттау жөніндегі өңірлік ұйым - географиялық немесе экономикалық бір ғана өңірдің стандарттау жөніндегі тиісті органдары қызметіне қатысу үшін ашық болатын стандарттау жөніндегі ұйым;

42) стандарттау жөніндегі техникалық комитет - бекітілген стандарттау объектілері немесе қызмет бағыттары бойынша стандарттарды әзірлеу және мемлекеттік техникалық реттеу жүйесін құруға қатысу үшін ерікті негізде экономика салаларында құрылатын консультациялық-кеңесші орган ;

43) сынақ зертханасы (орталығы) (бұдан әрі - зертхана) - зерттеулерді, сынақтарды жүзеге асыратын заңды тұлға немесе заңды тұлғаның атынан жұмыс істейтін оның құрылымдық бөлімшесі;

44) техникалық кедергі - техникалық регламенттерде және стандарттарда қамтылатын талаптардың әр түрлілігі немесе өзгермелілігі салдарынан туындайтын кедергі;

45) техникалық регламент - өнімдерге және (немесе) олардың өмірлік циклінің процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес әзірленетін және қолданылатын нормативтік құқықтық акт;

46) техникалық реттеу - санитарлық және фитосанитарлық шараларды қоспағанда, сәйкестікті растау, аккредиттеу және белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау жөніндегі қызметті қоса алғанда, өнімге, көрсетілетін қызметке, процестерге қойылатын міндетті және ерікті талаптарды анықтауға, белгілеуге, қолдануға және орындауға байланысты қатынастарды құқықтық және нормативтік реттеу;

47) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

48) техникалық сарапшы - сәйкестігі расталатын объектіге қатысты арнаулы білімі немесе тәжірибесі бар жеке тұлға;

48-1) техникалық хатшылық - көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті орган айқындайтын ұйым;

49) техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіші - техникалық-экономикалық ақпарат объектілерінің жіктеу топтарының кодтары мен атауларының жүйеленген жиынтығын білдіретін құжат;

50) уәкілетті орган - техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

51) ұлттық стандарт - уәкілетті орган бекіткен және тұтынушылардың қалың көпшілігіне қолжетімді стандарт;

52) ұйым стандарты - ұйым дербес бекіткен стандарт;

53) үйлестірілген стандарт - техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін стандарт;

53-1) үкіметтік емес стандарт - Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымы әзірлеген және бекіткен стандарт;

54) халықаралық стандарт - стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт.

55) шет мемлекеттің стандарты - шет мемлекеттің стандарттау жөніндегі уәкілетті органы қабылдаған және тұтынушылардың қалың көпшілігіне қолжетімді стандарт.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу

тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

1. Осы Заң өнімге, көрсетілетін қызметке, өнімнің өмірлік циклінің процестеріне (бұдан әрі - процестер) қойылатын міндетті және ерікті талаптарды айқындау, белгілеу, қолдану және орындау, олардың сәйкестігін растау, аккредиттеу және техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді.

2. Өнім, көрсетілетін қызмет, процестер техникалық реттеу объектілері болып табылады.

3. Мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес техникалық реттеу объектілеріне қатысты пайдалану құқығын иеленетін жеке және заңды тұлғалар техникалық реттеу субъектілері болып табылады.

4-бап. Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары мен принциптері

1. Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары:

1) міндетті регламенттеу саласында:

өнімнің, процестердің адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта, оның ішінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесі үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

өнімнің, көрсетілетін қызметтің қауіпсіздігіне және сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын іс-әрекеттердің алдын алу;

саудадағы техникалық кедергілерді жою;

2) стандарттау саласында:

отандық өнімнің бәсекеге-қабілеттілігін арттыру;

табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу болып табылады.

2. Техникалық реттеу:

1) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің бірлігі мен тұтастығы;

2) бірыңғай терминологияны, өнімге, көрсетілетін қызметке, процестерге қойылатын талаптарды белгілеу ережелерін қолдану;

3) техникалық реттеу мақсаттарының орындылығы мен қолжетімді болуы, техникалық реттеу процестеріне қатысу үшін тең мүмкіндіктерді, мемлекет пен мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету;

4) отандық және импортталатын өнімге, көрсетілетін қызметке және олардың белгіленген талаптарға сәйкестігін растау рәсімдеріне қойылатын талаптардың бірдей болуы;

5) техникалық регламенттер мен стандарттарды әзірлеу кезінде ғылым мен техника жетістіктерін, халықаралық және өңірлік ұйымдардың стандарттарын басым пайдалану;

6) техникалық регламенттер талаптарының мемлекет экономикасының дамуы, оның материалдық-техникалық базасы деңгейіне және ғылыми-техникалық даму деңгейіне сәйкестігі;

7) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, техникалық регламенттердің, стандарттардың және олар туралы, оларды әзірлеу, бекіту, жариялау тәртібі туралы ақпараттың қолжетімділігі;

8) стандарттарды қолдану мақсатында оларды ерікті түрде таңдау;

9) сәйкестікті растаудың бірыңғай жүйесі мен ережелері;

10) бір органның аккредиттеу және сәйкестікті растау жөніндегі өкілеттіктерді қоса атқаруын болдырмау;

11) бір мемлекеттік органда мемлекеттік бақылау және сәйкестікті растау функцияларының үйлеспеушілігі;

12) сәйкестікті растау жөніндегі органдардың дайындаушылардан (орындаушылардан), сатушылардан және сатып алушылардан тәуелсіздігі;

13) сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарда бәсекелестіктің шектелуін болдырмау принциптеріне негізделеді.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

5-бап. Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құрылымы

Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құрылымын:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) уәкілетті орган;

3) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар;

3-1) аккредиттеу жөніндегі орган;

4) мемлекеттік органдар жанындағы техникалық реттеу саласындағы сарапшылық кеңестер;

5) Саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі ақпарат орталығы (бұдан әрі - Ақпарат орталығы);

6) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер;

7) сәйкестікті растау жөніндегі органдар, зертханалар;

8) сәйкестікті растау, аккредиттеу, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар;

9) Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры құрайды.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің техникалық реттеу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің техникалық реттеу саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

1) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

2) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесін құру;

- 3) техникалық реттеу саласында құқықтық реформаны қамтамасыз ету;
 - 4) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 5) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
 - 6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 7) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 8-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 9) (алып тасталды - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;
 - 10) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 10-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 11) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 12) ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификатты беруге уәкілетті органды (ұйымды) айқындау;
 - 13) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
 - 14) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 14-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 14-2) сәйкестікті растау, аккредиттеу, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру және оларды аттестаттау тәртібін бекіту, сондай-ақ оларға қойылатын рұқсат беру талаптарын белгілеу;
 - 15) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.
- Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05 № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.11 № 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган мынадай функцияларды орындайды:

Техникалық реттеу саласында:

- 1) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесін құруға қатысады;

- 2) техникалық реттеу саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;
 - 3) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;
 - 3-1) көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;
 - 4) **алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**
 - 4-1) техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарды әзірлейді;
 - 5) техникалық реттеу саласындағы жобалардың және нормативтік құқықтық актілердің техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясатқа және осы Заңның 4-бабы 1-тармағында көзделген мақсаттарға сәйкестігіне талдауды және сараптама жүргізуді ұйымдастырады;
 - 6) техникалық регламенттерді әзірлеу бойынша сараптамалық кеңестермен, техникалық реттеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;
 - 7) стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді, халықаралық және өңірлік стандарттау, сәйкестікті растау нәтижелерін өзара тану жөніндегі жұмыстарға қатысады;
 - 8) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің тізілімін жүргізуді ұйымдастырады;
 - 8-1) нормативтік техникалық құжаттардың ресми басылымдарын тарату және пайдаланушыларды олармен қамтамасыз ету тәртібін айқындайды;
 - 9) Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорының жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді;
 - 10) Ақпарат орталығының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
 - 11) сәйкестікті растау, аккредиттеу, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру және оларды аттестаттау тәртібін әзірлейді және оларды ұйымдастырады, сондай-ақ оларға қойылатын рұқсат беру талаптарын әзірлейді;
 - 11-1) **алынып тасталды - ҚР 2009.07.11 № 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**
 - 12) техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және үйлестіреді;
 - 13) **алып тасталды.**
 - 14) тауардың шығу тегі туралы сертификатты беруге уәкілеттік берілген ұйымның қызметін тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру тәртібінің сақталуына және уәкілетті органның (ұйымның) қызметін ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру тәртібінің сақталуына жыл сайынғы тексеруді жүргізу, Кеден одағы тауарының және (немесе) шетел тауарының мәртебесін айқындау арқылы бақылауды жүзеге асырады;
 - 15) техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу қағидаларын бекітеді;
 - 16) өнімнің, процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінде консультациялық-кеңесші органдар құрады;
 - 17) техникалық регламенттерді бекітеді;
 - 18) әзірленген техникалық регламенттерді сараптауды, келісуді, техникалық регламенттердің қолданысын тоқтата тұруды не күшін жоюды келісуді, оның ішінде салалық мемлекеттік органдардың техникалық регламенттердің қолданысын тоқтата тұру не күшін жою мәселелеріне бастамашылық етуді жүзеге асырады;
 - 19) техникалық регламенттерді әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және олардың күшін жою тәртібін белгілейді;
 - 20) Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындайды;
 - 21) техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарды бекітеді;
 - 22) тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;
 - 23) өнімді таңбалау тәртібін белгілейді.
- Стандарттау саласында:

1) әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге әскери стандарттарды қоспағанда, ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгерту, күшін жою және қолданысқа енгізу тәртібін айқындайды;

2) техникалық регламенттермен үйлестірілген стандарттарды талдауды және әзірлеуді ұйымдастырады;

3) халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын, шет мемлекеттердің ұйымдарының стандарттарын, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі қағидаларын, нормалары мен ұсынымдарын ұйымдардың стандарттарында қолдануды қоспағанда, оларды Қазақстан Республикасының аумағында есепке алу және қолдану тәртібін айқындайды;

4) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) мемлекеттік стандарттаудың жоспарларын әзірлеу тәртібін белгілейді;

6) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі аудармаларын растауды ұйымдастырады;

7) өнімді таңбалау тәртібін әзірлейді;

8) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)

Заңымен;

9) үкіметтік емес стандарттарды әзірлеу, консенсусын қамтамасыз ету, бекіту, есепке алу, тіркеу, белгілеу, өзгерту, күшін жою, өзекті ету, сақтау, басып шығару, тарату, әзірлеушінің авторлық құқықтарын сақтау және қолданысқа енгізу тәртібін айқындайды;

10) өнімнің каталог парағының нысанын белгілейді.

Сәйкестікті растау саласында:

1) алынып тасталды - ҚР 2008.07.05 № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;

2) алынып тасталды - ҚР 2008.07.05 № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;

3) сәйкестік сертификатының, сәйкестік туралы декларацияның нысандарын белгілейді және оларды дайындауды ұйымдастырады;

3-1) алып тасталды - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3-2) тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысандарын белгілейді;

4) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің ережелерін әзірлейді;

5) шағымдарды (апелляцияларды) қарау үшін апелляциялық комиссия құрады;

6) егер басқа ұйымдар шығарған сәйкестікті растау мәселелері жөніндегі құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің талаптарына сай болмаса, олардың күшін жою туралы ұсыныстар дайындайды;

7) зертханааралық салыстыру сынақтары (салғастыру) бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

8) Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік үлгінің сәйкестігін растау саласындағы құжаттарды беру жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабардар еткен шетелдік және халықаралық ұйымдардың тізілімін жүргізеді;

9) көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді.

Уәкілетті орган осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05 № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.11 № 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.03.2013 № 81-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Мемлекеттік органдардың техникалық реттеу саласындағы құзыреті

Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде техникалық реттеу саласында:

- 1) техникалық регламенттердің және олармен өзара байланысты стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейін талдауды;
 - 1-1) техникалық регламенттерді бекітуді, олардың күшін жоюды, тоқтата тұруды, сондай-ақ уәкілетті органмен келісу бойынша өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық регламенттерге өзгерістер енгізуді;
 - 2) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен техникалық регламенттерді әзірлеу немесе техникалық регламенттерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар әзірлеу, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға өзекті сипат беру және оларды бір ізге салу туралы ұсыныстар дайындау мен енгізуді;
 - 3) техникалық регламенттерді және ұлттық стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды;
 - 4) техникалық регламенттердің жобаларын әзірлеу, мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау үшін сарапшылық кеңестер құруды;
 - 5) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық регламенттердің, стандарттардың және өзге де құжаттардың қорларын басқаруды;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын мемлекеттік бақылау;
 - 6-1) техникалық регламенттерді, оның ішінде Кеден одағының техникалық регламенттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді және орындауды;
 - 7) стандарттар мен өзге де құжаттарды әзірлеу және оларды халықаралық нормалармен және талаптармен үйлестіру жөніндегі жоспарларды дайындауды және іске асыруды;
 - 8) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді, сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және сәйкестігі міндетті расталуға тиісті өнім жөніндегі зертханаларды құру бойынша ұсыныстар дайындауды;
 - 9) үкіметтік емес стандарттарды әзірлеуге қатысуды;
 - 10) үкіметтік емес стандарттар негізінде ұлттық стандарттарды әзірлеуге бастама жасауды;
 - 11) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-1-бап. Аккредиттеу жөніндегі орган

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР 2008.07.05 № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

9-бап. Мемлекеттік органдар жанындағы техникалық реттеу саласындағы сарапшылық кеңестер

1. Мемлекеттік органдар жанындағы техникалық реттеу саласындағы сарапшылық кеңестер техникалық регламенттердің жобаларын әзірлеу, техникалық регламенттерді әзірлеуге және қолдануға байланысты салада мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау үшін құрылады.

2. Мемлекеттік органдар жанындағы техникалық реттеу саласындағы сарапшылық кеңестердің құрамын және олар туралы ережені мемлекеттік органдар бекітеді.

Сарапшылық кеңестің құрамына мемлекеттік органдардың, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және басқа да мүдделі тараптардың өкілдері кіреді.

10-бап. Ақпарат орталығы

1. Ақпарат орталығы мүдделі тараптарға және шет мемлекеттерге олардың сұрау салуы бойынша :

- 1) қолданылып жүрген немесе әзірленіп жатқан техникалық регламенттер, ветеринариялық-санитариялық, санитариялық және фитосанитариялық шаралар, стандарттар, оларға енгізілетін өзгерістер және өнімнің, көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растау рәсімдері;
- 2) Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға және стандарттау, сәйкестікті растау, аккредиттеу, ветеринария, санитария және фитосанитария саласындағы халықаралық екіжақты және көпжақты сипаттағы шарттарға мүшелігі немесе қатысуы;
- 3) әзірленіп жатқан және қабылданған техникалық регламенттер, стандарттар, ветеринариялық-санитариялық, санитариялық және фитосанитариялық шаралар және өнімнің, көрсетілетін қызметтің сәйкестігін растау рәсімдері жобаларының жариялану көздері туралы немесе олар жөніндегі ақпарат туралы құжаттардың көшірмелері мен ақпаратты беру мақсатында Дүниежүзілік сауда ұйымының Хатшылығымен, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдермен, халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен құрылады және жұмыс істейді.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ақпарат хабарлама түрінде уәкілетті органның ресми баспа басылымында және ортақ пайдаланымдағы ақпараттық жүйеде орналастырылады. Хабарламаның нысанын, оны толтыру және ұсыну тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер

1. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер мемлекеттік органдардың және мүдделі тараптардың ұсыныстары бойынша салааралық деңгейде стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін экономика салаларында құрылады.

Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің құрамына мемлекеттік органдардың және мүдделі тараптардың өкілдері кіреді.

2. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің құзыретіне:

- 1) бекітіліп берілген объектілер және қызмет бағыттары бойынша мемлекеттік техникалық

реттеу жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын айқындау жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

2) ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, халықаралық, өңірлік стандарттарды, шет мемлекеттердің стандарттарын және шет мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін және оларға енгізілетін өзгерістерді әзірлеуге және оларға сараптама жасауға Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қатысу;

3) техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттарды әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау жатады.

3. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің құрылу, жұмыс істеу, таратылу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар

1. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар - меншік нысанына қарамастан, өнімді (көрсетілетін қызметті) өндірушілерден (орындаушылардан), өнімді (көрсетілетін қызметті) берушілер мен тұтынушылардан тәуелсіз, штатында сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлары және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бекітіліп берілетін қызмет бағыттары бойынша зертханалары бар Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген ұйымдар.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар, оның ішінде шетелдік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аккредиттелуге тиіс.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдардың филиалдары сәйкестікті растау жөніндегі органның құрамында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аккредиттеледі.

2. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар сәйкестікті міндетті растау мақсаты үшін аккредиттелген зертханалардың сынақ нәтижелерін пайдалануға тиіс.

3. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар өтінім берушілермен жасалған шарт талаптарымен аккредиттеу саласы шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) дайындаушылардың (орындаушылардың), сатушылардың сәйкестікті міндетті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге өтінімдерін қарайды, сәйкестігін растауға ұсынылған өнімді, көрсетілетін қызметті бірдейлендіреді;

2) сәйкестікті міндетті және ерікті түрде растау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді;

3) дайындаушылардың (орындаушылардың) өтінімдері бойынша сәйкестік туралы декларацияны қабылдауға қажетті жұмыстар жүргізеді;

4) сәйкестік туралы декларацияларды тіркейді;

5) сәйкестікті растау схемасына сай сәйкестігі міндетті растаудан өткен өнімге инспекциялық бақылау жүргізеді, оның белгіленген талаптарға сәйкес еместігі анықталған жағдайда, берілген сәйкестік сертификаттарының қолданылуын немесе сәйкестік туралы декларацияны тіркеудің қолданылуын уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тоқтата тұрады немесе олардың күшін жояды;

6) берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың тізілімін жүргізеді.

4. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар:

1) дайындаушының (орындаушының), сатушының өтінімі бойынша аккредиттеу саласы шегінде объектілердің сәйкестігін міндетті және ерікті түрде растауды жүргізуге;

2) **алып тасталды**

3) өтінім берушіден сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қажетті құжаттардың ұсынылуын сұратуға құқылы.

5. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар:

- 1) өтінім берушінің сәйкестікті растау ережелері мен шарттары туралы ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
 - 2) өтінім берушіге қатысты кемсітушілікке жол бермеуге;
 - 3) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен сәйкестік туралы тіркелген декларациялар, берілген сәйкестік сертификаттары туралы, сертификаттаудан бас тарту туралы деректердің электрондық есебін және оларды беруді жүзеге асыруға;
 - 4) өнім, көрсетілетін қызмет шығарылған елге қарамастан, өтінім берушінің коммерциялық мүддесі болып табылатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.
6. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар және сарапшы-аудиторлар сәйкестікті міндетті растау қағидаларын бұзғаны және сәйкестік сертификатын заңсыз бергені, сәйкестік туралы декларацияларды заңсыз тіркегені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.
7. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар аккредиттеу саласында консалтингтік қызмет көрсетуге құқылы емес және осы қызметтерді көрсететін тұлғалармен аффилиирленген болуға тиіс емес.
8. Сәйкестікті растау жөніндегі органның меншік, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару құқығы негізінде сәйкестікті растау жөніндегі органның аккредиттеу саласында көзделген объектілеріне уәкілетті орган айқындайтын көлемде сынақ жүргізуді қамтамасыз ететін зертханасы болуға тиіс.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07. № 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Зертханалар

1. (Алып тасталды - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.
 2. (Алып тасталды - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.
 3. Зертханалар сәйкестікті растау жөніндегі органдармен немесе басқа өтінім берушілермен жасалған шарт жағдайларында:
 - 1) өзінің аккредиттеу саласы шегінде сәйкестікті міндетті немесе ерікті растау мақсатында объектілерге сынақ жүргізеді;
 - 2) сынақ нәтижелерінің дәйектілігін қамтамасыз етеді;
 - 3) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысандар бойынша жұмыс нәтижелерін ресімдейді және береді;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де қызметті жүзеге асырады.
 - 3-1. (Алып тасталды - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.
 4. Зертханалар объектілердің сәйкестігін растау кезінде оларға сынақтың дәйектемесіз нәтижелерін ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.
 5. Зертханалар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға сынақ жұмыстарын жүргізу, үшінші елдердің аккредиттеу субъектілері жүргізген сынақ жұмыстарының нәтижелерін тану үшін жүгінген өтініш берушілер, сынақтардың нәтижелері туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті.
- Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) ; 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Техникалық реттеу саласындағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

1. Техникалық реттеу саласындағы жеке және заңды тұлғалар:

- 1) техникалық реттеу саласындағы техникалық регламенттер мен стандарттарды, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, өзгерту, күшін жою жөніндегі ұсыныстарды дайындайды;
- 2) қажет болған жағдайда осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарда стандарттау жөніндегі тиісті бөлімшелер мен қызметтерді құрады.

2. Сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнімді өткізетін жеке және заңды тұлғалар осы Заңға сәйкес оның техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры

1. Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры мемлекеттік ақпараттық ресурс болып табылады.

2. Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры, ұйымдардың стандарттары мен консорциум стандарттарын қоспағанда, қабылданған стандарттар, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері және нормативтік техникалық құжаттар туралы ақпаратты қамтиды. Пайдаланушыларды көрсетілген құжаттардың ресми басылымдарымен қамтамасыз ету тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

3. Ұйымның стандарты мен консорциум стандарттарын қоспағанда, әрбір стандартты, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуішін және нормативтік техникалық құжатты қабылдау туралы ақпаратты және олардың бір данасын құжатты қабылдаған тұлға бірыңғай ақпараттық жүйені құру үшін Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорына жібереді.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Сәйкестікті растау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлардың құзыреті

1. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар сәйкестікті растау жөніндегі органның құрамында өнімнің, көрсетілетін қызметтің белгілі бір түрлерінің сәйкестігін растау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысады.

Жеке тұлғалардың сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор ретіндегі қызметін сәйкестікті растау жөніндегі бір органның немесе зертхананың құрамында ғана жүзеге асыруға құқығы бар.

Егер сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар өтінім берушінің мүддесін білдірсе немесе онымен еңбек немесе өзге шарттық қатынастарда болса, олар нақтылы өнімнің, көрсетілетін қызметтің сәйкестігін растау жөніндегі жұмыстарды орындауға құқылы емес.

2. **алып тасталды - ҚР 2009.07.11. № 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

3. **(Алып тасталды - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

4. **Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

5. Сарапшы-аудиторларды аттестаттау уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бес жылда бір

рет жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.11. № 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**16-1-бап. Сараптама ұйымы және тауардың шығарылған елін,
Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының
мәртебесін айқындау жөніндегі
сарапшы-аудиторлар**

1. Сараптама ұйымы тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар жасаған тауардың шығарылуы, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесі туралы сараптама актілерін куәландырады және береді.

2. Тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар өз қызметін бір сараптама ұйымының құрамында жүзеге асырады.

3. Тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың құзыреті тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарды орындауға құқық беретін, уәкілетті орган белгілеген нысандағы біліктілік аттестатымен расталады.

Біліктілік аттестаттарын алған тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың тізіліміне енгізіледі.

4. Тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттауды уәкілетті орган құратын тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

Тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бес жылда бір рет жүзеге асырылады.

5. Тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссия кемінде бес адамнан құралуға тиіс.

Тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссияның құрамына тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар, уәкілетті органның, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және өзге де ұйымдардың өкілдері енгізіледі. Тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссияның төрағасы оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

6. Аттестаттаудан өту үшін тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссияға мынадай құжаттар:

- 1) өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) жоғары білім туралы дипломның көшірмесі;
- 4) оқу орталығы куәлігінің не жеке тұлғаның теориялық даярлығын растайтын сертификаттың көшірмесі;

5) тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге өзінің қатысқанын растайтын жеке тұлғаның

тағылымдамадан өткені туралы он есептің көшірмесі;

6) кемінде екі жыл жалпы жұмыс өтілін растайтын жұмыс орнынан анықтама немесе еңбек кітапшасынан үзінді көшірме ұсынылуға тиіс.

7. Тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар өз қызметін уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

8. Тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға, егер тауар туралы ұсынылған деректер бұрмаланған және (немесе) анық емес болса, тауардың шығарылуы туралы, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау туралы сараптама актілерін жасауға тыйым салынады.

Ескерту. 1-тарау 16-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.07.11. № 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. Техникалық регламенттер

17-бап. Жалпы ережелер

1. Техникалық регламенттер осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсатта әзірленеді және қолданылады.

2. Техникалық регламенттерде белгіленген талаптар міндетті болып табылады, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады және техникалық регламенттерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы өзгертілуі мүмкін.

3. Техникалық регламенттерде айқындалған талаптар, Қазақстан Республикасының аумағына жануарлар мен өсімдіктер не олардың өңделген өнімдері арқылы тарайтын аурулардың кіруін болғызбауға бағытталған санитарлық және фитосанитарлық шараларды белгілеу мен қолдануды қоспағанда, өнімнің шыққан еліне және (немесе) шыққан орнына қарамастан, бірдей әрі тең дәрежеде белгіленеді және қолданылады.

Қажеттік өлшемдері, санитарлық және фитосанитарлық шаралардың талаптары мен рәсімдері осындай өнімнің барлық процестерінде одан келетін зиянның нақты ғылыми негізделген қауіп-қатер деңгейіне негізделеді.

4. Процестерге қойылатын техникалық регламенттерде айқындалған талаптар осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға жетуге әсер ете алатын жағдайда ғана белгіленеді және қолданылады.

5. Техникалық регламенттерде белгіленген талаптар кәсіпкерлік қызмет үшін осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарды орындауға қажет деңгейден артық кедергі тудырмауға тиіс.

6. Техникалық регламент мемлекеттік саясат мүдделеріне, материалдық-техникалық базаның дамуына және ғылыми-техникалық даму деңгейіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес келмейтін жағдайда уәкілетті орган мұндай нормативтік құқықтық актінің күшін жою немесе оған өзгерістер енгізу рәсімін бастауға міндетті.

7. Техникалық регламенттерде оның қолданысқа енгізілу мерзімі мен өтпелі кезең уақыты белгіленетін шарттары көзделуге тиіс, бұл кезең ішінде техникалық регламенттерді қолданысқа енгізуге, нормативтік немесе техникалық құжаттаманы әзірлеуге және (немесе) түзетуге арналған мәселелер, сондай-ақ өнім шығаруға байланысты мәселелер ескерілуге тиіс.

8. Өнімді өндіру кезінде үйлестірілген стандарттар пайдаланылған болса, техникалық регламенттердің талаптары орындалған болып саналады.

Өнімді өндіру кезінде техникалық регламенттерде белгіленген талаптар мен нормалардың орындалуы қамтамасыз етілетін жағдайларда өзге де стандарттарды пайдалануға болады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

18-бап. Техникалық регламенттердің мазмұны

1. Техникалық регламенттер зиян келтіру қауіп-қатерінің деңгейін ескере отырып, өнімнің, процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең төменгі қажетті талаптарды белгілейді.

2. Техникалық регламентте:

1) оның талаптары қолданылатын өнімнің, процестердің толық қамтылған тізбесі;

2) техникалық регламенттерді қабылдау мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін өнімнің, процестердің сипаттамаларына қойылатын талаптар болуға тиіс.

Техникалық регламенттерде өнімнің сынамаларын іріктеу және оны сынақтан өткізу ережелері, сәйкестікті растаудың ережелері мен нысандары (оның ішінде сәйкестікті растау схемалары) және (немесе) терминологияға, буып-түюге, таңбалауға немесе затбелгі жапсыруға және оларды түсіру ережелеріне қойылатын талаптар болуы мүмкін.

3. Техникалық регламенттерде, келтірілетін зиянның деңгейі ескерілетін, өнімнің конструкциясы мен орындалуына қойылатын талаптардың болмауы салдарынан осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға жету қамтамасыз етілмейтін жағдайларды қоспағанда, өнімнің конструкциясы мен орындалуына қойылатын талаптар болмауға тиіс.

4. Егер шет мемлекеттердің, халықаралық және өңірлік ұйымдардың нормалары мен стандарттары осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға сәйкес келсе, олар техникалық регламенттерді әзірлеу кезінде негіз ретінде толық немесе ішінара қолданылуы мүмкін.

5. Ұзақ пайдаланған кезде жол берілетін қауіп-қатер деңгейін анықтауға мүмкіндік бермейтін факторларға байланысты зиян келтіруі мүмкін өнімге қойылатын талаптарды айқындау мүмкін болмаған жағдайда, техникалық регламенттерде тұтынушыны өнімнің ықтимал зияны туралы және оған байланысты факторлар туралы хабардар етуге қатысты талаптар болуға тиіс.

6. Техникалық регламенттерде зиян келтіру қауіп-қатерінің деңгейін ескере отырып, техникалық реттеу объектілеріне:

1) азаматтардың жекелеген санаттарын (кәмелетке толмағандарды, жүкті әйелдерді, бала емізетін аналарды, мүгедектерді) қорғауды қамтамасыз ететін;

2) егер мұндай талаптардың болмауы климаттық және географиялық ерекшеліктерге байланысты осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға жете алмауға әкеп соғатын болса, Қазақстан Республикасының жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерінде қолданылатын;

3) техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адам өмірі мен денсаулығына, Қазақстан Республикасының және басқа да іргелес мемлекеттердің қоршаған ортасына қауіп төндіретін трансшекаралық қауіпті өндірістік объектілерге қойылатын арнайы талаптар болуы мүмкін.

7. Өнімнің, процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптар техникалық регламенттерде ғана белгіленеді.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

19-бап. Техникалық регламентті әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және оның күшін жою ерекшеліктері

1. Техникалық регламент, техникалық регламентке өзгерістер және (немесе) толықтырулар осы Заңның ережелерін ескере отырып, белгіленген тәртіппен әзірленеді, қабылданады және күшін жоюға жатады.

2. Техникалық регламенттерді әзірлеу, өзгерту, толықтыру немесе оның күшін жою жөніндегі ұсыныстарды өздерінің құзыретіне міндетті қағидалар мен нормаларды белгілеу кіретін мемлекеттік органдар стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің, Қазақстан Республикасының Ұлттық

кәсіпкерлер палатасының, мүдделі тараптардың ұсыныстарын ескере отырып дайындайды және уәкілетті органға береді.

3. Уәкілетті орган техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспардың жобасын жасайды және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекіту үшін ұсынады. Техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі бекітілген жоспар бекітілген күннен бастап бір ай ішінде жариялануға тиіс.

Техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарда көзделмеген техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жұмыстарды бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруға жол берілмейді.

4. Техникалық регламенттің жобасын әзірлеген мемлекеттік орган жобаны, нормативтік құқықтық актіге өзгерістер мен толықтыруларды немесе оның күшін жоюды әзірлей бастаған кезден бастап бір айдан кешіктірмей, ресми басылымға және ортақ пайдаланылатын ақпараттық жүйеге техникалық регламенттің жобасын әзірлеу, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оның күшін жою туралы белгіленген нысанда хабарлама береді.

5. Егер техникалық регламенттерде белгіленген талаптар тиісті халықаралық стандарттардың талаптарына сай келмесе немесе тиісті халықаралық стандарттар жоқ болса немесе техникалық регламенттерде белгіленген талаптар өнімнің Қазақстан Республикасына импортының немесе Қазақстан Республикасынан экспортының жағдайларына әсер етуі мүмкін болса, техникалық регламенттің жобасын әзірлеген мемлекеттік орган уәкілетті орган арқылы:

1) техникалық регламент қолданылатын өнім тізбесі, актінің мақсаты мен оны әзірлеу қажеттігі туралы хабарлайды;

2) техникалық регламент туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді немесе мазмұны халықаралық стандарттар талаптарына сай келмейтін нормаларын көрсете отырып, оның көшірмесін мүдделі тараптардың және шет мемлекеттердің сауал салуы бойынша табыс етеді.

6. Техникалық регламенттің жобасын әзірлеу туралы хабарлама жарияланған кезден бастап оның жобасы мүдделі тараптардың танысуы үшін қолжетімді болуға тиіс.

7. Техникалық регламенттің жобасын әзірлеген мемлекеттік орган:

1) жобаны жария талқылауды ұйымдастырады;

2) алынған ескертпелерді есепке ала отырып жобаны пысықтайды және оны уәкілетті органның ресми басылымына және ортақ пайдаланылатын ақпараттық жүйеге орналастырады;

3) техникалық регламенттің жобасына алынған ескертпелерді мүдделі тараптарға олардың сауал салуы бойынша береді.

8. Техникалық регламенттің жобасын жария талқылау мерзімі (оны әзірлеу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жария талқылаудың аяқталғаны туралы хабарландыру жарияланған күнге дейін) кемінде күнтізбелік алпыс күн болуға тиіс.

9. Техникалық регламенттің жобасын жария талқылаудың аяқталғаны туралы хабарлама уәкілетті органның ресми басылымында және ортақ пайдаланылатын ақпараттық жүйеде жариялануға тиіс және онда жобамен және алынған ескертпелердің тізбесімен танысу тәсілі, техникалық регламенттің жобасын әзірлеген мемлекеттік органның атауы, оның почта және электрондық мекен-жайы туралы ақпарат болуға тиіс.

10. Техникалық регламент жобасының түпкілікті редакциясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылдау үшін ұсынылады.

11. Техникалық регламентті қабылдау күні мен қолданысқа енгізу немесе күшін жою күні аралығында оның талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін қажетті уақыт кезеңі көзделуге тиіс.

12. Техникалық регламентті төтенше жағдайларға (адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға немесе ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төнуіне) байланысты әзірлеу, қабылдау және қолданысқа енгізу қажет болған кезде техникалық регламент жария талқылаусыз қабылданады.

Техникалық регламентті қабылдау туралы хабарлама уәкілетті органның ресми басылымында және ортақ пайдаланылатын ақпараттық жүйеде жариялануға, сондай-ақ Дүниежүзілік сауда ұйымының Хатшылығына жолдануға тиіс.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. СТАНДАРТТАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

20-бап. Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары

1. Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға:

- 1) халықаралық стандарттар;
- 2) өңірлік стандарттар және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, стандарттау жөніндегі ережелер мен ұсынымдар;
- 3) Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары мен техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері;
- 4) ұйымдар стандарттары;
- 5) Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі ұсынымдары;
- 6) шет мемлекеттердің стандарттары, шет мемлекеттердің ұйымдарының стандарттары, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, стандарттау жөніндегі қағидалары, нормалары мен ұсынымдары;
- 7) үкіметтік емес стандарт;
- 8) консорциум стандарты;
- 9) алдын ала ұлттық стандарт жатады.

2. Ұйым стандарттарын, консорциум стандарттарын және әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған әскери стандарттарды қоспағанда, осы бапта көрсетілген стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың ресми басылымдарын таратуды қызметінің негізгі нысанасы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу және шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау болып табылатын стандарттау жөніндегі ұйымдар уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Ұлттық стандарттар

1. Ұлттық стандарттар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе техникалық регламенттерде бұл туралы нұсқаулар қамтылған болса, міндетті болып табылады.

2. Ұлттық стандарттар:

- 1) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің жалпы ұйымдастырушылық-әдістемелік ережелерін белгілейтін, негізге алынатын стандарттар;
- 2) өнімнің, көрсетілетін қызметтің біртекті топтарына және қажет болған жағдайда нақты өнімге, көрсетілетін қызметке қойылатын талаптарды белгілейтін, өнімге, көрсетілетін қызметке арналған стандарттар;
- 3) процестерге арналған стандарттар;
- 4) өнімді, көрсетілетін қызметті, процестерді бақылау әдістеріне арналған стандарттар;
- 5) әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған әскери стандарттар болып бөлінеді.

3. Негізге алынатын ұлттық стандарттарды өз құзыреттері шегінде уәкілетті орган және мемлекеттік органдар, сондай-ақ қызметінің негізгі нысанасы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу және шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау болып табылатын стандарттау жөніндегі ұйымдар әзірлейді.

4. Шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың стандарттары осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін тиімсіз немесе қолайсыз болып табылатын

жағдайларды қоспағанда, осы стандарттар ұлттық стандарттарды әзірлеу кезінде негіз ретінде толық немесе ішінара қолданылады.

5. Ұлттық стандарттарда:

- 1) техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін өнімнің, процестердің қауіпсіздігі жөніндегі қажетті талаптар;
- 2) өнімді, көрсетілетін қызметтерді жіктеуге қойылатын талаптар;
- 3) өнімнің бірізділік, үйлесімділік және өзара алмастырушылық көрсеткіштері;
- 4) терминдер мен анықтамалар;
- 5) өнім, көрсетілетін қызметтер сапасының деңгейін айқындайтын олардың тұтыну қасиеттері мен сипаттамаларын қоса алғанда, функционалдық мақсатының көрсеткіштері;
- 6) қабылдау, буып-түю, таңбалау, тасымалдау, сақтау, кәдеге жарату және жою қағидалары;
- 7) сапасы мен қауіпсіздігін сынау әдістері;
- 8) ресурстардың барлық түрлерін сақтауға және ұтымды пайдалануға қойылатын талаптар;
- 9) менеджмент жүйелерін енгізуді қамтамасыз ететін өндірісті ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 10) белгілі бір қызмет саласына арналған ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттағы ережелер, сондай-ақ жалпы техникалық нормалар мен қағидалар белгіленуі мүмкін.

6. Ұлттық стандарттар өнімнің, көрсетілетін қызметтің шығарылған жеріне қарамастан, тең дәрежеде қолданылады.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

21-1-бап. Алдын ала ұлттық стандарттар

1. Алдын ала ұлттық стандарттар осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттар үшін әзірленеді.

2. Алдын ала ұлттық стандарттар Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс.

3. Алдын ала ұлттық стандарттарда белгіленген сапа көрсеткіштері ұлттық және өңірлік стандарттарда белгіленген көрсеткіштерден төмен болмауға тиіс.

4. Алдын ала ұлттық стандарттар ұлттық және өңірлік стандарттарды қайталамауға тиіс.

5. Алдын ала ұлттық стандарттар сәйкестікті растау мақсаттары үшін қабылданады.

Ескерту. 3-тарау 21-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

21-2-бап. Үкіметтік емес стандарттар мен консорциум стандарттары

1. Үкіметтік емес стандарттар мен консорциум стандарттары осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттар үшін әзірленеді.

2. Үкіметтік емес стандарттар мен консорциум стандарттарында белгіленген сапа көрсеткіштері ұлттық, өңірлік және халықаралық стандарттарда белгіленген көрсеткіштерден төмен болмауға тиіс.

3. Үкіметтік емес стандарттар ұлттық, өңірлік және халықаралық стандарттарды қайталамауға тиіс және тұтынушылардың қалың көпшілігіне қолжетімді болуға тиіс.

4. Консорциум стандарттарын әзірлеу, бекіту, есепке алу, өзгерту, күшін жою, тіркеу, белгілеу, басып шығару тәртібін консорциум айқындайды.

5. Үкіметтік емес стандарттарды республикалық немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландыруға тыйым салынады.

Ескерту. 3-тарау 21-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-бап. Техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері

1. Экономика салаларында пайдаланылатын және есепке алынуға тиіс техникалық-экономикалық ақпарат жіктелуге және код қойылуға жатады.

2. Техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін әзірлеу ұлттық стандарттау жөніндегі жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізіледі.

3. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін әзірлеуді, жүргізуді және өзекті етуді жүзеге асырады.

Техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерінің тізілімін уәкілетті орган жүргізеді.

4. Қазақстан Республикасында техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу және оған код қою жүйесін құру мен оның жұмыс істеуін бақылау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-бап. Қазақстан Республикасындағы ұйымдар стандарттары және стандарттау жөніндегі ұсынымдар

1. Ұйымдардың стандарттарын ұйымдардың ішінде қолданылатын техникалық реттеу объектілеріне, оның ішінде өнімнің құрамдас бөліктеріне, терминологияға, қабылдау және бақылау жүйесіне, технологиялық жарақтауға, құралға, сондай-ақ менеджмент жүйесі, өндіріске әзірлеу және қою шеңберінде ұйымдардағы қызметті басқаруға ұйымдар дербес әзірлейді және бекітеді және олар уәкілетті органда есепке алуға және тіркеуге жатпайды.

Ұйымдардың қауіпсіздік талаптарын белгілейтін стандарттары техникалық регламенттердің және олармен үйлестірілген стандарттардың талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

Ұйымдардың стандарттары өнімді нарыққа айналымға шығару үшін қолданылмайды.

1-1. Ұйым нарыққа айналымға шығаратын өнімге қолданыста техникалық регламент болмаған кезде алдын ала ұлттық стандарт әзірленеді және бекітіледі.

2. Ұсынымдар стандарттау, өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету, сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар жүргізуге қатысты, қолданылу үшін ерікті ұйымдастыру-әдістемелік ережелерін қамтиды.

Ұсынымдардың жасалуына, ресімделуіне, мазмұнына, баяндалуына, оларды әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолдану тәртібіне қойылатын талаптарды оларды бекітетін ұйым белгілейді.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 № 31-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

24-бап. Халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарын қолдану

1. Қазақстан Республикасының аумағында осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға сай келетін халықаралық, өңірлік стандарттар, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, қағидалар, нұсқаулықтар мен ұсынымдар, сондай-ақ шет мемлекеттердің және ұйымдардың стандарттары қолданылуы мүмкін.

2. Халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын ұлттық

стандарттар ретінде қолдану үшін:

1) Қазақстан Республикасының стандарттау, метрология және аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарға мүше болуы;

2) Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарының болуы;

3) стандарттау жөніндегі уәкілетті орган мен халықаралық немесе өңірлік ұйым арасында стандарттау саласындағы ынтымақтастық туралы шарттың болуы қажетті талаптар болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасы мүше болып табылмайтын халықаралық және өңірлік ұйымдардың стандарттарын, сондай-ақ шет мемлекеттердің стандарттау жөніндегі басқа да нормативтік құжаттарын қолдануы Қазақстан Республикасының шарттарында немесе стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарында көрсетілген стандарттарға немесе шет мемлекеттердің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарына сілтемелер болған жағдайда жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуға жататын халықаралық, өңірлік стандарттар және шет мемлекеттердің стандарттары Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген техникалық регламенттерде және олармен үйлестірілген стандарттарда белгіленген талаптарға қайшы келмеуге, сапалық көрсеткіштері бойынша ұлттық стандарттардан төмен болмауға және мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша олармен келісілуге тиіс.

5. Шет мемлекеттер ұйымдарының стандарттарын қолдану түпнұсқаларды ұстаушы ұйымдардың осы құжаттарды қолдануға авторлық құқықтары сақталған жағдайда жүзеге асырылады.

6. Халықаралық, өңірлік стандарттар және шет мемлекеттердің стандарттары Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген техникалық регламенттерде және олармен үйлестірілген стандарттарда белгіленген талаптарға қайшы келмеген, сапалық көрсеткіштері бойынша ұлттық стандарттардан төмен болмаған жағдайда, осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарының талаптары Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыруға және өткізуге арналған тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қатысты осындай халықаралық, өңірлік стандарттарға және шет мемлекеттердің стандарттарына қолданылмайды.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.12.2013 № 151-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау

1. Қазақстан Республикасы экономикасының салаларындағы басым бағыттар ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерінің, жеке және заңды тұлғаларының ұсыныстары негізіндегі стандарттау жөніндегі жұмыстардың жоспарлары уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бекітіледі.

2. Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстардың жоспарларын әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптар, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық дамуының және ғылыми-зерттеу жұмыстардың жоспарлары ескеріледі.

3. Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстардың бекітілген жоспарлары ресми баспасөз басылымдарында және ортақ пайдаланымдағы ақпараттық жүйеде жарияланады.

4. Мемлекеттік стандарттау жоспарларын әзірлеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25-1-бап. Өнімді каталогтау жүйесі

1. Өнімді каталогтау жүйесі техникалық реттеу субъектілерін отандық өнімнің сипаттамалары және дайындаушылары туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

2. Қазақстан Республикасында шығарылатын өнім каталогтау жүйесінде тіркелуге жатады.

3. Өнімді каталогтау жүйесінде тіркеуге:

1) өнімнің тәжірибелік үлгілері (тәжірибелік топтары), өнімнің белгіленген сериялары;

2) бірлі-жарым өндіріс өнімі, авторлық құқық объектілері, кәдесыйлар, өнімнің құрамдас бөліктері жатпайды.

4. Өнімді каталогтау жүйесінде тіркелуге жататын өнімді өндірушілер уәкілетті органға өндірілген (өндірілетін) өнім туралы мәліметтерді өнімнің каталог парағында қағаз және электрондық жеткізгіштерде қазақ және орыс тілдерінде ұсынады.

5. Уәкілетті орган каталог парағын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде:

каталог парағын толтырудың дұрыстығын және онда көрсетілген мәліметтердің анықтығын тексереді;

бұзушылықтар болмаған жағдайда шығарылатын өнім туралы мәліметтерді өнімді каталогтау жүйесіне енгізеді және өндірушінің каталог парағында көрсетілген электрондық мекенжайына, берілген тіркеу нөмірін көрсете отырып, олардың өнімді каталогтау жүйесіне енгізілгені (қосылғаны) туралы хабарлама жібереді;

каталог парағында толық емес не анық емес мәліметтер ұсынылу фактісі анықталған жағдайда, тіркеуден дәлелді жазбаша бас тартуды жібереді.

6. Өндіруші каталог парағындағы мәліметтер өзгерген күннен бастап он жұмыс күні ішінде тиісті өзгерістерді көрсете отырып, каталог парағын уәкілетті органға жібереді.

7. Уәкілетті орган өнімді:

1) өндіруші таратылған;

2) өндіруші өтініш жасаған;

3) өнімді каталогтау жүйесіне өнімнің енгізілуі (қосылуы) үшін негіз болған анық емес мәліметтер ұсыну фактілері анықталған жағдайларда өнімді каталогтау жүйесінен алып тастайды.

8. Осы баптың 7-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда уәкілетті орган өндірушінің каталог парағында көрсетілген электрондық мекенжайына өнімнің каталогтау жүйесінен алып тасталғаны туралы хабарлама жібереді.

Ескерту. 3-тарау 25-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тарау. СӘЙКЕСТІКТІ РАСТАУ

26-бап. Өнімнің және процестердің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау

1. Өнім (дәрілік заттардан, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникадан басқа), процестер сәйкестікті растау объектілері болып табылады.

2. Өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растауды:

1) өнімді өндіруші (орындаушы) сәйкестік туралы декларацияны қабылдау нысанында;

2) өнімді тұтынушы оның тапсырмасы бойынша сәйкестікті растау жөніндегі органның сертификаттау жүргізуі нысанында;

3) сәйкестікті растау жөніндегі орган сертификаттау жүргізу және сәйкестік сертификатын беру нысанында жүргізеді.

3. Сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды басқару мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі сәйкестікті растау саласында біртұтас саясат жүргізуді қамтамасыз етеді және сәйкестікті растаудың, сарапшы-аудиторларды даярлау мен аттестаттаудың, жүйе тізілімін жүргізудің негізгі ережелері мен рәсімдерін және сәйкестікті растау мақсаттарын іске асыруға қажетті өзге де талаптарды белгілейді.

5. Қазақстан Республикасының аумағында өнімнің сәйкестігін растау міндетті немесе ерікті

сипатта болады.

6. Шетелдік үлгінің сәйкестігін растау саласындағы құжаттарды беретін шетелдік және халықаралық ұйымдар «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызметтің басталғаны туралы уәкілетті органды хабардар ете отырып, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 № 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-бап. Сәйкестікті міндетті растау

1. Сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнім техникалық регламенттерде айқындалады.

2. Сәйкестікті міндетті растау:

- 1) дайындаушы (орындаушы) кәсіпорынның сәйкестік туралы декларация қабылдауы;
- 2) міндетті сертификаттау жүргізу нысанында жүзеге асырылады.

3. Өнімнің сәйкестігін міндетті растау техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігі және сәйкестікті растау схемалары бойынша жүзеге асырылады.

4. Сәйкестікті растау схемаларында сәйкестікті белгілеу тәсілдері (сынау, өндірісті бағалау, сапа менеджменті жүйесін бағалау, техникалық құжаттаманы талдау, инспекциялық бақылау) болады және сәйкестікті растау жөніндегі органдар мен (немесе) өнімді дайындаушылар (орындаушылар) оларды міндетті сертификаттау жүргізген немесе сәйкестік туралы декларация қабылдаған кезде қолданады.

Өнімнің сәйкестігін міндетті растау кезінде техникалық сарапшылар тартылуы мүмкін.

5. Егер техникалық регламенттерде өзгеше белгіленбесе, бұрын тұтынуда болған, көрме үшін және оны нысаналы пайдаланбау үшін әкелінген, сондай-ақ ізгілік көмек желісі бойынша жеткізілетін өнім сәйкестікті міндетті растау объектілеріне жатпайды.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

27-1-бап. Көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру

1. Көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды бекіту және тіркеу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Сәйкестікті растау жөніндегі орган көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру жөніндегі қағидаларда көрсетілген құжаттар тізбесін техникалық хатшылыққа ұсынады.

3. Техникалық хатшылық құжаттарды қарауды техникалық хатшылыққа келіп түскен күнінен бастап есептелетін отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

4. Ұсынылған құжаттар толық болмаған және (немесе) олар көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру жөніндегі қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, техникалық хатшылық күнтізбелік он бес күн ішінде жазбаша түрде уәжді бас тартуды қоса бере отырып, ұсынылған құжаттарды сәйкестікті растау жөніндегі органға қайтарады.

5. Оң шешім шығарылған жағдайда техникалық хатшылық көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 4-тарау 27-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

27-2-бап. Көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу

1. Көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Техникалық хатшылық бекіту және тіркеу үшін көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды уәкілетті органға ұсынады.

3. Уәкілетті орган көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекітуді және тіркеуді уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап есептелетін күнтізбелік он күн ішінде жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тарау 27-2-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

28-бап. Өнімді дайындаушылардың (орындаушылардың), сатушылардың сәйкестікті растау саласындағы құқықтары мен міндеттері

1. Өнімді дайындаушылар (орындаушылар) мен сатушылар:

1) осы өнім үшін техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестікті растау нысаны мен схемасын таңдауға;

2) аккредиттеу саласы өтінім берілген өнімге қолданылатын сәйкестікті растау жөніндегі кез келген органға жүгінуге;

3) егер бұл сәйкестікті растаудың таңдалған схемасында көзделсе, сәйкестігі міндетті растадан өткен өнімге сәйкестікті растау саласындағы мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің сәйкестік белгісін қолдануға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестікті растау жөніндегі органдар мен аккредиттелген зертханалардың заңсыз әрекеттеріне уәкілетті органға шағым жасауға;

5) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа шағым жасауға құқылы.

2. Сәйкестігі міндетті расталуға тиіс өнімді дайындаушылар (орындаушылар), сатушылар:

1) өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

2) өнімнің сәйкестігі расталуын жүргізуді қамтамасыз етуге;

3) егер бұл сәйкестікті растаудың таңдалған схемасында көзделсе, сәйкестігі расталудан өткен өнімге, инспекциялық бақылау жүргізуге арналған жағдайларды қамтамасыз етуге;

4) өнімді сәйкестігі расталғаннан кейін ғана өткізуге;

5) мемлекеттік бақылау жүргізілген кезде мүдделі тараптарға қажетті ақпаратты, өнімнің сәйкестік сертификаттарын (сәйкестік сертификаттарының көшірмелерін), сәйкестік туралы декларацияларды (сәйкестік туралы декларациялардың көшірмелерін) табыс етуге;

6) ілеспе құжаттамада сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларация жөніндегі мәліметтерді көрсетуге;

7) егер сәйкестік сертификатының немесе сәйкестік туралы декларацияның қолданылу мерзімі аяқталса, не сәйкестік сертификатының немесе сәйкестік туралы декларацияның қолданысы тоқтатыла тұрса, күші жойылса немесе тоқтатылса, өнімді өткізуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға;

8) сәйкестікті растау жөніндегі органды техникалық құжаттамаға немесе сертификатталған өнім өндірісінің технологиялық процестеріне енгізілетін өзгерістер туралы хабардар етуге;

9) сәйкестікті растау нәтижелері бойынша техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға

сәйкес келмейтін өнімнің өндірілуін тоқтата тұруға міндетті.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

29-бап. Сәйкестік сертификаты

1. Сәйкестік сертификатын өтінім берушіге сәйкестікті растаудың таңдалған схемасына сәйкес барлық рәсімдерді орындаудың оң нәтижелері болған жағдайда өнімге сәйкестікті растау жөніндегі орган береді.

2. Сәйкестік сертификатында:

- 1) өтінім берушінің, өнімді дайындаушының (орындаушының), сәйкестік сертификатын берген органның атауы және орналасқан жері;
- 2) сертификатталған өнімнің бірдейлендіруге мүмкіндік беретін атауы;
- 3) оның талаптарына сәйкестікке сертификаттау жүргізілген техникалық регламенттің атауы;
- 4) жүргізілген зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер туралы ақпарат;
- 5) өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігіне дәлел ретінде өтінім берушінің сәйкестікті растау жөніндегі органға ұсынған құжаттары туралы ақпарат;
- 6) сертификаттың қолданылу мерзімі көрсетілуге тиіс.

3. Сәйкестік сертификаты бланкіде ресімделеді, оның нысаны мен толтырылу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Сәйкестік сертификаты оны берген сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркелуге тиіс.

4. Сериялы шығарылатын өнімге сәйкестік сертификаты сәйкестікті растау схемасында белгіленген мерзімге беріледі.

Сәйкестік сертификатының күші Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына қолданылады.

30-бап. Сәйкестік белгісі

1. Сәйкестік белгісі сәйкестікті растау рәсімінен өткен өнімді таңбалауға арналады.

2. Сәйкестік белгісінің бейнесін, оған қойылатын техникалық талаптар мен таңбалау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Сәйкестік сертификатын алған дайындаушы (орындаушы), сатушы сәйкестік белгісін сәйкестікті растау саласындағы мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің ережелерінде белгіленген өзі үшін қолайлы кез келген тәсілмен қолдануға құқылы.

4. Сәйкестігі міндетті расталуға жататын және техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігі растаудан өтпеген өнімге сәйкестік белгісін қоюға жол берілмейді.

5. Сәйкестік белгісімен таңбаланған өнімге сәйкестік сертификатының көшірмелері қоса берілмеуі мүмкін.

Ескерту. 30-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-бап. Сәйкестік туралы декларация

1. Егер бұл техникалық регламенттерде көзделген жағдайда, сәйкестік туралы декларацияны сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнімді дайындаушы (орындаушы) ресімдейді, сондай-ақ ол сәйкестігі міндетті расталуға жатпайтын кез келген өнімге қатысты ерікті түрде ресімделеді.

2. алып тасталды

3. Сәйкестік туралы декларацияда:

- 1) өтінім берушінің атауы мен орналасқан жері;
- 2) сәйкестікті растау объектісін бірдейлендіруге мүмкіндік беретін осы объект туралы

ақпарат;

3) оның талаптарына сәйкестігіне өнім расталатын техникалық регламенттің атауы;

4) өтінім берушінің өнімді нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланған кезде оның қауіпсіз екендігі және өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдағаны туралы өтініші;

5) жүргізілген зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер, сапа менеджменті жүйесінің сертификаты туралы, сондай-ақ өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін негіз болған құжаттар туралы мәліметтер;

6) сәйкестік туралы декларацияның қолданылу мерзімі;

7) техникалық регламенттерде көзделген өзге де мәліметтер болуға тиіс.

Сәйкестік туралы декларацияның нысанын, декларацияларды ресімдеу және тіркеу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

4. Сәйкестік туралы декларация осы өнімді шығарудың жоспарланған мерзіміне сүйене отырып өнімді дайындаушы (орындаушы) белгілеген, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге қабылданады.

5. Өнімнің сәйкестігі туралы декларация аккредиттеу саласына осы өнім кіретін сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркелуге тиіс.

6. Сәйкестікті растау саласындағы мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің ережелерінде белгіленген тәртіппен ресімделген және тіркелген сәйкестік туралы декларацияның Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сәйкестік сертификатына тең заңдық күші бар.

7. Сәйкестікті декларациялау:

1) өз дәлелдері негізінде сәйкестік туралы декларацияны қабылдау;

2) сәйкестікті растау жөніндегі органның қатысуымен алынған дәлелдер негізінде сәйкестік туралы декларацияны қабылдау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Сәйкестікті растау үшін дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін материалдардың тізбесі техникалық регламентте айқындалады.

Дәлел ретінде техникалық құжаттама, өз зерттеулері (сынақтары) мен өлшемдерінің нәтижелерін және (немесе) өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін негіз болған басқа да құжаттар пайдаланылады.

Өз дәлелдері және сәйкестікті растау жөніндегі органның қатысуымен алынған дәлелдер негізінде сәйкестікті декларациялау кезінде өтінім беруші өз дәлелдеріне қосымша таңдау бойынша зертханада жүргізілген зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер хаттамаларын пайдалануға, сапа менеджменті жүйесінің сертификатын ұсынуға құқылы.

Өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны қабылдаған кезде, осындай өнім үшін техникалық регламенттерде сәйкестікті растаудың өзге де нысандары көзделген жағдайды қоспағанда, сапа менеджменті жүйесінің сертификаты дәлелдердің құрамында пайдаланылуы мүмкін.

8. Сәйкестік туралы декларацияның қолданылу мерзімі аяқталған кезден бастап үш жыл бойы сәйкестік туралы декларацияның бірінші данасы мен сәйкестікті растаудың дәлелі ретінде пайдаланылатын материалдар - өтінім берушіде, ал сәйкестік туралы декларацияның екінші данасы оны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі органда сақталады.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

32-бап. Сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнімнің нарықтағы айналыс шарттары

1. Сәйкестігі міндетті расталуға (сертификаттауға немесе декларациялауға) жататын өнімнің белгіленген тәртіппен расталған, техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігі оның нарықтағы айналысының қажетті шарты болып табылады.

2. Сәйкестігі міндетті расталуға жататын, сәйкестігі растаудан өтпеген өнімді әкелуге және өткізуге тыйым салынады.

Міндетті сертификатталуға жататын және Қазақстан Республикасында одан өтпеген өнімді жарнамалауға жол берілмейді.

3. Сәйкестігі міндетті расталуға жататын импортталатын өнімді жеткізуге жасалған шарттарда

сәйкестікті растау жөніндегі міндеттеме көзделуге тиіс.

4. Сәйкестігі міндетті расталуға жататын және саудаға арналған импортталатын өнімді жеткізуге жасалған шарттарда өнімнің, елдің және дайындаушы кәсіпорынның (орындаушының) атауын, сақталу (жарамдылық, пайдалану) мерзімін, сақтау шарттарын, қолдану тәсілін қамтитын мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі ақпараттың (егер аталған ақпараттың болуы техникалық регламенттерде регламенттелсе) өніммен қоса жүруі көзделуге тиіс.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

33-бап. Шет мемлекеттердің сәйкестікті растау нәтижелерін тану

1. Шет мемлекеттердің сәйкестік сертификаттары, өнімді сынау хаттамалары, сәйкестік белгілері халықаралық шарттарға немесе аккредиттеу жөніндегі халықаралық немесе өңірлік мемлекеттік емес, үкіметтік емес ұйымдармен жасалған шарттарға сәйкес танылады.

2. Шетелдік сәйкестік сертификаттарын, сынақ хаттамаларын, сәйкестік белгілерін және сәйкестікті растау саласындағы өзге де құжаттарды тану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

3. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыруға және өткізуге арналған тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қатысты шетелдік сәйкестік сертификаттарына, сынақ хаттамаларына, сәйкестік белгілеріне және сәйкестікті растау саласындағы өзге де құжаттарға қолданылмайды.

Ескерту. 33-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2013 № 151-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

34-бап. Өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестердің сәйкестігін ерікті растау

1. Техникалық регламенттерде белгіленген талаптар қолданылмайтын өнімнің, процестердің сәйкестігін ерікті растау өтінім берушінің бастамасы және талаптары бойынша жүргізіледі.

Сәйкестікті ерікті растау, егер бұл техникалық регламентте белгіленсе, өнімнің сәйкестігін міндетті растауды алмастыра алмайды.

2. Сәйкестікті ерікті растауды сәйкестікті растау жөніндегі орган шарт негізінде жүргізеді

3. **алып тасталды**

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

5-тарау. СӘЙКЕСТІКТІ РАСТАУ ЖӨНІНДЕГІ ОРГАНДАРДЫ ЖӘНЕ ЗЕРТХАНАЛАРДЫ АККРЕДИТТЕУ

35-бап. Аккредиттеу

Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және зертханаларды аккредиттеу Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 35-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

36-бап. Аккредиттеу аттестаты

Ескерту. 36-бап алып тасталды - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

6-тарау. ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕРДЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ТАЛАПТАРДЫҢ САҚТАЛУЫН МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ

37-бап. Техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар

1. Техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау (бұдан әрі - мемлекеттік бақылау) уәкілетті орган, оның аумақтық органдары, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті өзге де мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері, олардың лауазымды адамдары өткізу сатысындағы өнімге қатысты мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары:

1) өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік бақылау жөніндегі іс-шараларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сай келмейтін өнімді өткізудің жолын кесу және оған жол бермеу жөніндегі ықпал ету шараларын қолданады;

3) сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және зертханаларды мемлекеттік бақылау жөніндегі іс-шараларды жеке, заңды тұлғалардың өтініштері және мемлекеттік органдардың, оның ішінде аккредиттеу жөніндегі органның хабарламалары бойынша ғана жүргізеді.

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

38-бап. Мемлекеттік бақылау объектілері

Техникалық регламенттің күші қолданылатын өнім, процестер, сәйкестікті растау жөніндегі органдар және зертханалар техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау объектілері болып табылады.

39-бап. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар

1. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы - уәкілетті органның басшысы;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары - уәкілетті орган басшысының орынбасарлары;

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары - аумақтық бөлімшелердің басшылары;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және қалалардың мемлекеттік

бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларының орынбасарлары – аумақтық бөлімшелер басшыларының орынбасарлары және олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары;

5) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және қалалардың мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары – аумақтық бөлімшелердің мемлекеттік бақылау жөніндегі мамандары жатады.

2. Осы баптың 1-тармағының 3) - 5) тармақшаларында санамаланған мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар белгілеген тәртіппен аттестатталуға тиіс.

3. Техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 39-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.31 № 225 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.03.2013 № 81-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

40-бап. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары

1. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар:

1) техникалық реттеу саласындағы объектілерге техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуы тұрғысынан бақылау мақсатында баруға;

2) жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бақылау жүргізу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді алуға;

3) мемлекеттік бақылау үшін:

өнім техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, жұмсалған үлгілердің құнын және сынақ (талдау, өлшеу) жүргізуге жұмсалған шығындарды бюджет қаражаты есебіне жатқыза отырып;

өнім техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, жұмсалған үлгілердің құнын және сынақ (талдау, өлшеу) жүргізуге жұмсалған шығындарды тексерілуші тұлғалардың есебіне жатқыза отырып, өнімнің сынақтары мен үлгілерін іріктеп алуға;

4) егер өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын сәйкестік туралы декларацияны немесе сәйкестік сертификатын қолдану техникалық регламенттерде көзделсе, өнімді өткізу сатысында өнімді дайындаушылардан (орындаушылардан), сатушылардан осындай құжаттарды немесе олардың көшірмесін көрсетуін талап етуге;

5) мынадай жағдайларда:

өнім техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес келмегенде;

сәйкестігі міндетті түрде расталуға жататын өнімге сәйкестік сертификаттары (сәйкестік сертификаттарының көшірмелері), сәйкестік туралы декларациялар (сәйкестік туралы декларациялардың көшірмелері) болмағанда;

өнімді сәйкестік белгісімен, оған құқығы болмай тұрып, таңбалағанда, техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы және (немесе) бұзылу сипаты ескеріле отырып айқындалған мерзімде өнімді өткізуге тыйым салу туралы нұсқама беруге;

5-1) тауар туралы деректері анық емес, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының және (немесе) шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификатты, ішкі айналыс үшін тауардың шығарылуы туралы сертификатты, Кеден одағы тауарының және (немесе) шетелдік тауардың нысандарының қорытындысын беру тәртібін бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беруге;

6) өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес еместігі анықталған

жағдайда берілген сәйкестік туралы декларациялар мен сәйкестік сертификаттары тіркелуінің күшін тоқтата тұруға және (немесе) жоюға;

7) техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өнімді өткізуші тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартуға;

8) өнім өткізуге және тұтынуға жарамсыз деп танылған жағдайда, оны жою жөніндегі комиссияларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қатысуға;

9) дайын өнімнің техникалық регламенттерге сәйкес келмеуі анықталған жағдайда өнімнің өмірлік циклінің кез келген сатыларында сәйкес келмеу себептерін тексеруді ұйымдастыруға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

2. Бас мемлекеттік инспекторлардың және олардың орынбасарларының нұсқамаға қол қою құқығы болады.

Нұсқамалардың нысандары мен оларды беру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

3. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары берген нұсқамаларды барлық жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті.

Ескерту. 40-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29 № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

41-бап. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың міндеттері

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар:

1) мемлекеттік бақылау жөніндегі іс-шаралар барысында Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасын қолдану жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізуге, дайындаушыларды (орындаушыларды), сатушыларды техникалық регламенттер туралы хабардар етуге;

2) коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібін сақтауға;

4) мемлекеттік бақылау жүргізу нәтижелерінің негізінде анықталған қиғаштықтарды жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

42-бап. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағымдануға болады.

43-бап. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды қорғау шаралары

Егер мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың өмірі мен денсаулығына қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты зиян келтірілген болса, осы лауазымды адамдардың немесе олардың жақын туыстарының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зиянды өтеткізуге құқығы бар.

7-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ, ОЛАРДЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНЫҢ, ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАМАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

44-бап. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі жауаптылығы

1. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары мемлекеттік бақылау жөніндегі іс-шараларды жүргізген кезде өздерінің қызметтік міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда және құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Мемлекеттік органдар құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жеке және (немесе) заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына кінәлі, мемлекеттік бақылау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қатысты қабылданған шаралар туралы бір ай ішінде хабарлауға міндетті.

45-бап. Жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасын сақтамағаны үшін жауаптылығы

1. Жеке және заңды тұлғалар (дайындаушы, орындаушы, сатушы):

- 1) нарықта өткізілетін өнімнің қауіпсіздігі үшін;
- 2) техникалық регламенттерде белгіленген талаптарды бұзғаны үшін;
- 3) осы Заңның 40-бабында көзделген мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органның нұсқамалары мен шешімдерін орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі салдарынан азаматтың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне не заңды тұлғаның мүлкіне келтірілген зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтелуге тиіс.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

8-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

46-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заңға сәйкес техникалық регламенттер қолданысқа енгізілгенге дейін осы Заңның 4-бабының 1-тармағында белгіленген, қауіпсіздік мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған стандарттау жөніндегі тиісті нормативтік құжаттардың талаптары Қазақстан Республикасының аумағында міндетті болып табылады.

2. Техникалық регламенттер қолданысқа енгізілгенге дейін сәйкестікті растау саласында сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар "Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Техникалық регламенттердің қолданысқа енгізілуіне қарай Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген, оларды қайталайтын немесе оларға сәйкес келмейтін стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың күші жойылуға тиіс.

4. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін сәйкестікті растау жөніндегі органдарға және

зертханаларға белгіленген тәртіппен берілген аккредиттеу туралы құжаттар, сондай-ақ осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін берілген сертификаттар оларда көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін жарамды болып есептеледі.

5. Техникалық регламенттер қолданысқа енгізілгенге дейін нақты объектілерге қатысты техникалық реттеу осы Заңға қайшы келмейтін бөлігінде нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Ескерту. 46-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29. № 209 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

47-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасының мына заңдарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Стандарттау туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 724-құжат; 2003 ж., N 12, 82-құжат);

2) "Сертификаттау туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 725-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 15-16, 231-құжат; N 23, 321-құжат; 2003 ж., N 12, 82-құжат).

3. Осы Заңның 46-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы баптың 2-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңдары күшін жояды.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*